

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2022, № 3 (99)

3 /2022

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

Жауапты редактор:

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар:

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель:
Министерство Образования и науки Республики казахстан
Комитет Науки
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

Адрес редакции:
050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>
Тел.: +7 (727) 272-46-54.
E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно
делается ссылка на журнал.

Founder:

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Committee of Science
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board:

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

Editorial office address:

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, Shevchenko str., 28
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,
a link to the magazine is necessarily made.

Referenses

Erzhanuly E. Tazhikter arasynda bizdin tubimiz turik dejtinder az emes [There are many people among Tajiks who say that our roots are Turkish] // <https://alashainasy.kz/society/tajkter-arasynda-bzdn-tubmz-turk-deytnder-az-emes-61680/> [in Kazakh]

Isenov, 2021a - Isenov Ш.И. XX g. 20-30 zhzh. aua koshken boskyndar zhajynan [About refugees of the 20-30s of the XXth century]. // Taisoigan. kz Olke tanu. Shezhire. Zhanalyktar. http://taisoigan.kz/tarikh-lketanu/article_post/hh-g-20-30-zhzh-uaa-koshken-boskyndar-zhajynan Zpariyalannan uakyty: 30.10.2021 zhyl. [in Kazakh]

Isenov, 2021b - Isenov O.I. XX g. 20-30 zhyldary Tazhikstan respublikasyna konys audargan kazakh boskyndary: tagdyry zhane olardyn bejimdeli [Kazakh refugees who moved to the Republic of Tajikistan in the 20-30s of the XXth century: their fate and adaptation] // «Kazakhstandagy XX gasyrdyn 30-shy zhzh. basyndagy asharyshlyk zhane kazakhtardyn korshiles aumaktarga mazhburli koshy-kony: zertteu maselelery» = «Golod nachala 30-h gg. XX veka v Kazahstane i vynuздennye migracii kazahov na sopredel'nye territorii: problemy issledovaniya»: resp.-tazhrib. konf. mat-ry. / Kurast. A.I. Kudajbergenova, M.M. Kozybaeva, R.Zh. Bajdaly. Almaty: Litera-M, 2021. 296 b. 101-118 b. [in Kazakh]

Isenov, 2021v - Isenov O.I., Zulgaraev R. Boskyndar tarihy - qazaq tarihyның qaraly betteri (HKH ғасырдың 20-30 zhyldary) [The history of refugees - the tragic pages of Kazakh history (20-30s of the XXth century)] // «Kazakhstandagy XX gasyrdyn 30-shy zhzh. basyndagy asharyshlyk zhane kazakhtardyn korshiles aumaktarga mazhburli koshy-kony: zertteu maselelery» = «Golod nachala 30-h gg. XX veka v Kazahstane i vynuздennye migracii kazahov na sopredel'nye territorii: problemy issledovaniya»: resp.-tazhrib. konf. mat-ry. / Kurast. A.I. Kudajbergenova, M.M. Kozybaeva, R.Zh. Bajdaly. Almaty: Litera-M, 2021. 296 b. 219-230 b. [in Kazakh]

Lahanuly Nurtaj. Tazhikstandagy kazakh zhastary ana tylyn bylmejdі [Kazakh youth in Tajikistan do not know their native language.]. 31 kantar 2017 jyl. https://www.azattyq.org/a/tajikistan_kazakh_people/28269359.html [in Kazakh]

Muhit askan kazak kyzy amerikada 101 zhaska toldy. [Kazakh girl who swam across the ocean turns 101 in America]. (01.06.17). // <https://youtu.be/GpONGYrdTE4>

Nuraliev Abdusattor. Kazahi Tadzhiqistana [Kazakhs of Tajikistan]. Dushanbe. Iste'dod. 2016. 160 s. [in Russian]

Tarihy teren Tazhikstan [Tajikistan has a deep history]. <https://e-history.kz/kz/news/show/1530/> 10 akpan 2018 zhyl [in Kazakh]

Tazhikstan kazakhtary ozbekshe okudan kashyp, Kazakhstanga oralmakshy [Tajik Kazakhs, so as not to study in the Uzbek language, want to return to Kazakhstan]. 2016 https://vk.com/wall-75031742_55240 [in Kazakh]

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_106

ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ (XX Ғ. 20-30 ЖЖ.)

К.А. Тулентаева^{1ID*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

*Автор-корреспондент
E-mail: k-abiken@mail.ru,

Түйіндеме. Мақалада Қазақстанда өткен ғасырдың 20-30 жылдар аралығындағы орта арнаулы білім жүйесінің қалыптасу және даму үрдісі қарастырылады. Орта кәсіби оқу саласы күрделі де ауқымды қоғамдық құбылыс, сондықтан автор осы зерттеуде өлкеде орта буын кәсіби мамандар дайындығының кейбір топтамасын ғана талдаудан өткізеді. Большевиктердің Кеңес өкіметін орнатудың алғышарттарының бірі сауатсыздықпен күрес болғаны белгілі. Мақалада сауатсыздыққа қарсы науқанның көшін бастаған мұғалімдер даярлау ісін жолға қою және большевиктердің «қазақ өлкесінің дәстүрлі кәсібін өрістетуге» саясатымен сабақтаса жүрген ауылшаруашылық мамандарды даярлау мәселесінің санқырлы тұстары анықталып ашылады. Кеңес өкіметінің ширек ғасырлық даму барысында республикада кәсіби дәрігерлерді сапқа қою мәселесінің шешім табу жолдары зерделенеді. Өлкеде орын алған кәсіптік-техникалық мамандықтарды даярлау мәселесі сараланды. Большевиктердің «пролетариаттың ұлттық кадрларын дайындау» ұранының Қазақстанда жүзеге асырылу іс-әрекеттері салалық құрылымдар бойынша пайымдаудан өткізілді.

Кілт сөздер: орта арнаулы оқу орны, мұғалімдер институты, қысқа және ұзақмерзімді оқу курстары, шаруа жастарының мектептері, жұмысшы факультеттері, фабрика-завод шәкірттігі мектептері, кәсіптік-техникалық білім, ұлт кадрлары.

Мақала №AP08856779 «XX ғ. 20-30-жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім мен ағарту жүйесі» жобасы аясында жазылды.

МРНТИ 03.20.00

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ СРЕДНЕГО СПЕЦИАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ (20-30 ГГ. XX В.)

К.А. Тулентаева^{1ID*}

¹Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова, Қазақстан, г. Алматы,

*Автор-корреспондент
E-mail: k-abiken@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается процесс формирования и развития среднего специального образования в 20-30 гг. прошлого века в Казахстане. Среднее специальное обучение - это сложное явление, поэтому автор анализирует подготовку некоторых видов профессиональных кадров среднего звена в казахском крае.

Известно, что для большевиков одной из предпосылок в создании советской власти считалась борьба с неграмотностью. Поэтому в статье проводится анализ подготовки учителей, возглавлявших кампанию против неграмотности и прослеживаются достигнутые в таком сложном деле значительные результаты. Выявляются многогранные аспекты проблемы подготовки сельскохозяйственных специалистов, продвигаемые политикой большевиков, так называемое «развертывание традиционного промысла казахского края». Факт, когда на протяжении веков подвергаясь таким болезням, как холера, оспа, туберкулез и другие, казахский народ страдал и безжалостная смерть унесла большое количество населения. Потому определяются пути решения власти Советов в подготовке профессиональных медиков в первой четверти XX века. Коммунисты в ходе индустриализации в Советском Казахстане, отдавая приоритету черной и цветной металлургии, угольной и нефтяной промышленности, приложили усилия для подготовки отраслевых специалистов среднего звена. Следовательно, были проанализированы и систематизированы типы профессионально-технических специальностей. Прослеживается реализация в жизнь девиза большевиков «подготовка национальных кадров пролетариата» по основным отраслям производства.

Ключевые слова: среднее специальное учебное заведение, институт учителей, кратко и долгосрочные учебные курсы, школы крестьянской молодежи, рабочие факультеты, школы фабрично-заводского ученичества, профессионально-техническое образование, национальные кадры.

IRSTI 03.20.00

PROBLEMS OF THE DEVELOPMENT OF SPECIALIZED SECONDARY EDUCATION IN KAZAKHSTAN (20-30S OF THE XX CENTURY)

К.А. Tulentaeva^{1ID*}

¹Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding-author
E-mail: k-abiken@mail.ru

Abstract. The article discusses the process of formation and development of specialized secondary education in the 20-30s of the last century in Kazakhstan. Specialized secondary education is a complex phenomenon, therefore the author analyzes the training of some types of middle-level professional personnel in the Kazakh region.

It is known that for the Bolsheviks, one of the prerequisites for the creation of Soviet power was the fight against illiteracy. Therefore, the article, firstly, analyzes the training of teachers who led the campaign against illiteracy and traces the significant results achieved in such a complex matter. Secondly, the multifaceted aspects of the problem of training agricultural specialists, promoted by the policy of the Bolsheviks, the so-called "deployment of the traditional craft of the Kazakh region" are revealed. It is a fact that, when for centuries, being exposed to such diseases as cholera, smallpox, tuberculosis and others, the Kazakh people suffered, and a merciless death claimed a large number of inhabitants. Therefore, thirdly, the ways of deciding the power of the Soviets in the training of professional doctors in the first quarter of the twentieth century are being determined. Communists in the course of industrialization in Soviet Kazakhstan, giving priority to ferrous and non-ferrous metallurgy, coal and oil industries, made efforts to train mid-level industry specialists. The types of professional specialties and methods of their training are analyzed. Fifth, the implementation of the Bolsheviks' slogan about the "education of the national cadres of the proletariat" in the main branches of production is traced.

Key words: secondary specialized educational institution, institute of teachers, short and long term training courses, peasant youth schools, working faculties, Central Labor Institute, vocational education, national personnel.

Кіріспе. Білім беру ісі әлеуметтік жүйелердің ішінен маңызды орын алады. Қазақстанда ХХ ғасырдың 20-30 жж. орта арнаулы білім жүйесінің қалыптасу және оның даму үрдісін бүгінгі күні зерделеуден өткізу өзекті. Әлемдік жаһандану процесінің қарқынмен өрістеуі Қазақстан Республикасын да әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени салаларын жаңаша көзқараспен бағамдауға, сөйтіп, ғаламдық өзгерістерге жедел бейімделуін талап етуде. Әлемдік үдерістерден қалмау мақсатымен елде 2018 жылдан бастап білім сапасын бағалау жүйесін халықаралық стандартқа көшіру басталып, 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. «Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау» міндеті қойылып отырған қазіргі таңда өткен ғасырдың 20-30 жж. онды тәжірибесін пайдалану тиімді болмақ.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының деректік негізін ҚР-ның Орталық мемлекеттік мұрағатының 81, 206, 138, 737, 1716-қорларының құжаттары құрайды.

Қарастырылып отырған мәселесі аясында қолданған мәліметтер теориялық және әдістемелік талдауға түсті. Орта арнаулы білім жүйесі мәселесінің сол жылдардағы кеңестік және республикалық экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени салалары бойынша санқырлы ақпараттық материалдар тізбегімен байланыста қамтылуы бұл үрдіс жөнінде *теориялық тұрғыдан* кешенді пайымдаулар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. Зерттеудің толымды мазмұнын ашу бағытында *әдістемелік ұстанымның* маңызы өте зор. Кез-келген тарихи тақырыптың зерделенуі объективтік таным принциптерін басшылыққа алу арқылы оқиғаны шынайылығын анықтап, нақтылы беру болып табылады. Сипаттамалы синхронды әдіс арқылы аймақтар қатарласа қарастырылып салыстырылды. Тарихи диахронды әдіс жолымен белгілі бір құбылыстардың дамуы, өзгеру бағыты айқындалды. Белгілі бір мәндік қасиеттеріне қарай зерттеу объектілерін жүйелеу үрдісін қолдану жалпы ғылыми классификациялау әдісімен бекемделді. Бір саладағы қатынастардың екінші бір сферасына транспозициялануын көрсету тарихи аналогия әдісін қолдану арқылы шешімін тапты. Мәселенің танымдық даму үдерісіндегі орнын айқындауда ғылыми зерттеу әдістемелерінің анализ бен синтез, индукция мен дедукция сияқты сынақтан өткен әдістері қолданылды.

Талқылау. Қазақстандағы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы орта арнаулы оқу орындарының даму тарихы жеке-дара талдауға түсіріліп қарастырылмаған. Алайда бұл пікір осы бағыттағы тақырыптар бұрын-соңды зерделенбеген дегенді білдірмейді. Жалпы халық ағарту саласын қарастырған зерттеулер мен ғылыми мақалаларда орта арнаулы білім жүйесі туралы мағлұматтардың мардымсыздығы байқалады. Тақырыпты зерделеу біздің тарапымыздан осы мәселеге қатысты бірқатар тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. КОКП және Қазақ өлкелік партия комитетінің съездері, Пленумдары, конференциялары мен форумдарында қаралған және соған сәйкес қабылданған қаулы-қарарлары мен шешімдерін зерттей келе, большевиктердің бұл мәселедегі ұстанған саясаты бағамдалды. Форумдарда білім саласы, соның ішіне орта арнаулы жүйесі, туралы міндеттер көптеп қойылғанымен, орындалуы жайында мәліметтермен бекітілмеген (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, 1988). Қазақ КСР және ҚР тарихы сияқты фундаменталды оқулықтарда мәселе негізінен қысқа ақпараттық сипатта берілген (Қазақ ССР тарихы, 1981). Кеңестік кезеңнің әр жылдарында мәдени құрылысқа қатысты жинақтарда сауатсыздық пен бастауыш білім сұрағы біршама көтерілсе, орта арнаулы білім жайында мәліметтер кемдік етеді (Культурное ..., 1965). Қазақ АКСР-нің 1920-1936 жж. ресми түрде РКФСР құрамында болғанына қарамастан, ресейлік авторлар Қазақ өлкесінен гөрі Ресей губерниялары, Украина, Белоруссия республикаларындағы халық ағарту жүйесіндегі проблемаларды назарда ұстаған деуге негіз бар. Закавказье республикалары мен Өзбекстан КСР-нің білім беру саласына қатысты азды-көпті мағлұматтар мен цифрлық көрсеткіштерді кездестіруге болады. Отандық кеңестік тарих ғылымында кәсіптік-

техникалық білім Қазақстанда жұмысшы табының қалыптасуын қарастырумен тұстас біршама талдауға түскен. А.Н. Нүсіпбеков – Қазақстандағы жұмысшы табының қалыптасуы тақырыбын ғылыми негіздеудің басында тұрған тарихшы. Еңбекте аталған мәселе Кеңес өкіметінің орнауынан ҮОС-на дейінгі аралықты қамтиды және большевиктік саясат ықпалында жазылғанмен де, тарихи маңызын жоққа шығаруға болмайды (Нүсіпбеков, 1966). М.Х. Асылбеков ауқымды зерттеуінде Түркістан-Сібір магистралының салынып іске қосылуы үрдісін құрылысшы және теміржолшы мамандықтарын игеру арқылы Қазақстанның өзіндік өндірістік саласында жұмысшы өкілдерінің қалыптасуын пайымдайды (Асылбеков, 1973). Ф.К. Михайлов еңбегінде Кеңестік Қазақстандағы кәсіптік-техникалық білім алу жолдарын көрсетеді (Михайлов, 1962). Тәуелсіздік жылдары шыққан облыстық аймақ тарихын саралаған энциклопедияларда орта арнаулы білім жайында қысқаша мағлұматтарды табуға болады (Солтүстік Қазақстан, 2006; Батыс Қазақстан тарихы, 2006; Караганда, 2008).

Зерттеу нәтижелері. Кәсіптік орта оқу орындарын құру және оның желісін дамыту, революциядан кейінгі социалистік қайта құрулармен байланысты маман кадрлардың тапшылығына орай өткір мәселеге айналды.

Кеңес үкіметі социалистік құрылыстың алғашқы жылдарында-ақ мамандар жетіспеушілігі мәселесін шешу шараларын қолға алды. Большевиктер мамандарды дайындау үрдісінде басшылыққа алынуға тиісті бірқатар басымдықтарды негіздеді; мамандар туралы мәселені шешкен кезде *оны жаппай және жоғары қарқынмен жүргізуді*, таптық ұстамдылық негізінде шешуді ұсынды.

Кеңес үкіметі жалпы елде сауатсыздықты жойып, партия алға қойған бастауыш, орталау, орта, орта арнаулы және жоғары білім жүйелерін еңсеру үшін *мұғалімдер қауымын* құрудың қажеттігін ұғынды. Бұл бағыттағы ауқымды мәселелер партияның кезекті съездері, конференциялары мен пленумдарында қойылып, қабылданған қарарлар мен шешімдер жергілікті тиесілі органдағы нұсқау ретінде таратылды және басшылыққа алынды.

Педагогикалық кадрларды даярлаудың сол кездегі тиімді де қолжетімді жолы республика астанасында, губерниялық қалаларда және уездік, аудандық халық ағарту бөлімдерінің жанынан тұрақты және қысқа мерзімді *педагогикалық курстар* құру болды. Бұл курстарда сабақ беруге тәжірибелі педагогтар, кеңес және партия қызметкерлері тартылды.

Азамат соғысы азсанды мұғалімдердің қатарын сиретіп жіберді. Ұстаздық жолындағы азаматтар сауатты болғандықтан, партия, кеңес, шаруашылық жұмыстарына көптеп тартылып отырды. Сондықтан 1919-1920 жылдары уездер мен губернияларда қысқамерзімді төртайлық және екі, үшжылдық мұғалім курстары ашыла бастады.

Қолға алынған шаралар елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Толық емес мәліметтерге қарағанда, республикада 1919-1920 жылдары қысқа мерзімді курстарда бірінші және екінші сатылы мектептер үшін 2500-ге жуық мұғалім даярланған. Бұл өлкеде 220 мыңдай баланы оқумен қамтыған 3 600-ге жуық мектеп ашуға мүмкіндік берген (Қазақ ССР тарихы, 1981: 243).

Өлкедегі басқа ұлт өкілдерінің балалары үшін де мұғалімдер даярланды. Курс бітіргендер уездік халық ағарту бөлімдерінің қарамағына жіберіліп тұрды. Олардың көпшілігі ауыл мектептерінің алғашқы ұйымдастырушылары болды, халық арасындағы мәдени-ағарту, үгіт жұмысына белсене қатысты. Курсқа қазақтарды да тарту шаралары жүргізілді және оқитын тәлімгерлерге стипендия берілді.

Кеңестік мағлұматтар жиырмасыншы жылдардың ортасына қарай «совет мұғалімдерінің отряды» қалыптасқандығын мәлімдей келе, олардың білімі мен педагогикалық тәжірибелерінің жеткіліксіздігін жоққа шығармайды.

Қазақстанда отызыншы жылдары халық ағарту ісі маңызды мәселенің бірі болып қала берді. 1934 жылы жетіжылдық мектеп мұғалімдерін дайындайтын екіжылдық мұғалімдер институттары педагогикалық институттардың жанынан құрылды және оларға орта және толық емес орта білімі бар тәлімгерлер қабылданды. Оқу орнын бітірген азаматтарға *аяқталмаған жоғары білім туралы дипломы* берілді. Бұл жылдары педагогикалық институттар мен мұғалімдер институттары Алматыда, Оралда, Қарағандыда, Петропавлда, Семейде, Шымкентте, Қызылордада, Ақтөбеде жұмыс жасады.

ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің 1937 жылғы Қаңтар Пленумында қабылданған қаулылар ішіндегі «Педагог мамандарын даярлау және мамандығын арттыру туралы» бөлімінде шешімін табуға тиісті мәселелер шоғыры айқындалды. Мұнда *екі және төртайлық курстар* арқылы мектеп мұғалімдерін *қайта даярлау міндеті* қойылды және оны іске асыру бағытында жұмыстар атқарылды (ҚКП ОК қарарлары, 1988: 371).

Жергілікті жерлерде мұғалімдерді даярлаумен қатар, Орынбордың, Омбының, Самараның, Мәскеудің, Ташкенттің жоғары оқу орындарына болашақ педагогтар дайындықтан өтті.

Республиканың облыс орталықтарындағы педагогикалық институттар жалпы педагогикалық техникумдардың негізінде қаланды. Қазіргі А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті өз бастауын 1923 жылдың 1 қыркүйегінде ашылған қаладағы педагогикалық техникумнан алады. 1939 жылғы 21 тамызда Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ КСР Халық ағарту комитетінің шешімімен

педучилище физика-математика, жаратылыстану-география факультеттерін біріктірген күндізгі және сырттай оқитын бөлімдері бар екіжылдық Мұғалімдер институтына айналдырылды. Қостанай облысының жастарынан 1 курстың күндізгі бөліміне 120 адам, ал сырттай бөліміне 50 адам қабылданған еді (Алдамжаров, 2002: 239).

Петропавл қаласында 1920 жылы «Қызыл мұғалімдер» курсы ашылып, онда 125 адам оқыды және соның негізінде үшжылдық мұғалімдер курсы ашылды (Солтүстік Қазақстан облысы, 2006: 229). 1922 жылдан бастап Қазақ педагогикалық курстары ұйымдастырылды, кейінде оны педагогикалық техникумға айналдыру туралы шешім қабылданды. 1925 жылы Петропавл педагогикалық техникумының орыс бөлімін 32, қазақ бөлімін 8 адам тамамдады. Әр жылдары педагогикалық курстар жаңа бөлімдермен толықты.

Қазақстанның батыс өңірінде де орта арнаулы оқу орындары жиырмасыншы және отызыншы жылдары құрыла бастады. Мәселен, 1922 жылы Орал педагогикалық техникумының негізі қаланып, ол 1937 жылы педагогикалық училище болып өзгертілді (Батыс Қазақстан тарихы, 2006:256).

Қарағанды облысындағы арнаулы орта оқу орнының іргетасы 1922 жылы Қарқаралы қаласындағы педагогикалық техникумының негізінде қаланды. Бұл бүкіл Орталық Қазақстан аймағына, Семей, Павлодар губерниялары мен Қарқаралы уезіне мұғалімдер даярлайтын тұңғыш оқу орны болды. Техникум 1937 жылы Қарқаралы педагогикалық училищесі болып құрылды және ширек ғасыр толуымен байланысты Абай есімі берілді. Алғашқы он жылда оны 350 мұғалім оқып бітірді. 1952 жылы оқу орны Қарағанды педагогикалық училищесімен біріктірілді, келесі жылы Сарань қаласына көшірілді де, Абай атындағы Сарань педагогикалық училищесі деп атала бастады (Қарағанда, 2008: 59).

Батыс аймақтағы білім ордасының қазіргі ізбасары – Ақтөбе педагогикалық училищесі. 1921 жылы Ақтөбе қаласы орталығы болған Ақтөбе губерниясы ұйымдастырылды. Қуаншылық зардаптарына қарамастан, қалалық Кеңес шаруашылық жұмыстарын ұйымдастырумен қатар мұғалімдер даярлау ісіне көңіл бөлді. Сөйтіп, 1922 жылы күзде педкурстар мен мұғалімдер семинариясының негізінде *Ақтөбе қазақ-орыс педтехникумы* ашылды.

Педтехникумға 75 оқушы қабылданды және келесі жылы олардың саны 122-ге жетті. Ұжымда он бір оқытушы қызмет атқарды. 20-жылдардың бас кезінде Ақтөбе педтехникумы жанынан төрт, алтайлық педкурстар ашу ұйғарылды. Төрттайлық курстарды мыңға жуық мұғалімдер бітіріп шықты.

Курстарды бітірген мұғалімдер халық ағарту ісінің ұйтқысына айналды. Курстардың қызмет аясы ауқымды болды: үгіт-насихат ошақтарына айналды, сауатсыздықты жою пункттерін ұйымдастырды, көркемөнер ісін назардан тыс қалдырмады, студенттерді қоғамдық өмірге бейімдеді және т.б. Сөйтіп, педагогикалық техникумдардың барлығына оқу үрдісі мен тәрбиелік жұмысты қатар алып жүру міндеттелді.

Өлкедегі барлық қазақ педагогикалық техникумдары жұмыстарын орыс тілінде жүргізді, құбылыс дайындығы бар мұғалімдердің және қазақ тілінде оқулықтардың жетіспеушілігімен түсіндірілді. Орыс тілін меңгеруге зор маңыз берілді. Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1938 жылдың 6 сәуірдегі «Республиканың қазақ мектептерінде орыс тілінің міндетті оқытылуы туралы» қаулысының өз деңгейінде іске асырылмай отырғандығына жергілікті билік алаңдаушылық танытқан. Қаулының қабылдануы мен оның орындалуы бүкіл ағарту мекемелерінде қадағаланды. Қазақ балаларына оқу процесі ғана емес, қоғамдық шаралардың орыс тілінде жүргізілуі ауырлық тудырды. Кеңес Үкіметінің өктем шаралары арқылы ұлт саясаты бұрмаланғаны ақиқат.

Ұлттық мектептер үшін педагогикалық кадрлар мәселесі өткір сұрақтардың бірі болды. Мұндағы мұғалімдердің педагогикалық даярлығы жеткіліксіз еді. КСРО ОАК Президиумының 1935 жылдың 22 қазанындағы «Қазақ АКСР-нің он бес жылдағы кеңестік, шаруашылық және мәдени құрылысы» атты қаулысында «бастауыш және орта мектеп мұғалімдерін, бірінші кезекте қазақтардан, даярлау және қайта дайындықтан өткізуді күшейту» мәселесі көтерілді. Сөйтіп, 1927 жылдың 1 қыркүйегіндегі мәліметінше, Қазақстанда 14 педагогикалық техникум, сондай-ақ II баспалдақтағы педагогикалық бағыттағы 16 мектеп әрекет етті (ҚР ОМА, 81: 34).

Техникум типтес алғашқы орта техникалық оқу орындары Ресейде 1914-1915 жылдары пайда болды және Қазан төңкерісінен кейін қанатын жайды. «Техникум» атауы негізінен орта техникалық оқу орындарына сай келеді, дегенмен бұл ұғым ұзақ уақыт бойы техникалық емес, мәселен, педагогикалық, медициналық, өнеркәсіптік-экономикалық, сауда және т.б. орта арнаулы мектептерге де қолданылды.

Өлкеде бірінші кезекте мұғалімдерді дайындайтын қысқа және ұзақмерзімді педагогикалық курстар мен семинариялар және педтехникумдар мен мұғалімдер институттары әрекет етті. Қиындықтармен сабақтас жүрген мұғалімдерді дайындау ісі айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Сонымен, өлкедегі педагогикалық техникумдар біріншіден, мектептің бастауыш кластарына мұғалімдерді, демек, педагогикалық орта буынды мамандарды дайындады, екіншіден, халықтың сауатын көтеру мәселесінде зор рөл атқарды, үшіншіден, большевиктердің жетекшілігімен халыққа қоғамдық-саяси тәрбие берудің таптырмас тетігі болды.

Қазақстан Республикасының медицина білімінің бастауында 1916 жылдың 1 қарашасында Орал қаласында ашылған, бүгінде жемісті қызмет атқарып отырған Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжі түр. Орал губерниялық халыққа білім беру бөлімінде 1919 жылы мектеп екінші басқышқа орналасып, медбикелерді дайындайтын үш, төрт, тоғызайлық қысқамерзімді курстар ұйымдастырылды. Мектепте 1920 жылы соғыс жағдайындағы медбикелерді жедел даярлайтын жиырма айлық курс ашылды. Қолға алынған шаралардың нәтижесінде солдаттарды әскер сапына қайта қоюларына мүмкіндік жасалды. Орал фельдшерлік-акушерлік мектебі өз мөрі, оқытушы ұжымы мен оқушы қауымы, әр кездері директорлық қызметті ауыстырған азаматтары, елге танымал дәрігерлері бар қауымдастық мекеме ретінде өзіндік тарихынан тұрады.

Орынборда 1923 жылғы денсаулық сақтау бөлімдері меңгерушілерінің III Қырғыз съезінде жергілікті халықтың өмірін, тілі мен тұрмысын білетін жергілікті медицина мамандарын дайындау мәселесі көтерілді. БОАК-нің бұйрығымен осы жылы Оралдағы фельдшерлік-акушерлік мектепті жауып, оны Орынборға көшіру және «Қазақ өлкелік медициналық техникум» деп атау туралы шешім қабылданды. Орынборда 1925 жылы ашылған оқу орнында алғашында екі бөлім ұйымдастырылды: 1) акушерлік, оқу мерзімі 2 жыл 6 ай; 2) бала мен ананы қорғау – 2 жыл. Дәрігерлердің орта буынын даярлайтын мекемеге әр аймақ өздеріне бөлінген орын бойынша оқуға тиесілі адамдарын жіберді. Қайтадан құрылған оқу орнына бүкіл дала тұрғындарына медициналық көмек көрсету міндеті жүктелді. Оқу мерзімі төрт жылды құрады және техникумның жанынан қазақ балаларын оқыту бөлімдері ашылды.

1934 жылғы Қазақ өлкелік партия конференциясында жұмысшылар мен колхозшыларға медициналық көмек көрсетудің артта қалуы, емдеу мекемелерін, ауруханаларды, фельдшерлік пункттерді, дәріханаларды салу, жұқпалы ауруларға, безгек және т.б. кең тараған ауруларға қарсы нақты күрес ұйымдастыру мәселелері көтерілді.

Дәрігерлер мерзімі жағынан әртүрлі курстар, фельдшер-акушер және медициналық медбикелер мектептері, медтехникумдар сынды орта кәсіби оқу орындары арқылы даярланды.

Мал шаруашылығы мамандарын дайындауда таңдаулы колхозшылар мен еңбек озаттары есебінен облыстық және аудандық екі ай мерзімдік колхоз мектептерін жасақтау міндеттелінді. Мұндай мектептерге қатысты төмендегідей ұсыныстар берілді: 1-ден, тыңдаушыларды мұқият іріктеуге ерекше көңіл бөлу; 2-ден, бір ай ішінде даярлығы мол оқытушылар құрамымен толықтыру; 3-ден, оқушылар контингентін көбейту; 4-ден, мектептерді қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз ету; 5-ден, мектептерде әзірліктен өткен колхозшылардың дұрыс пайдаланылуы; 6-дан, мал шаруашылығы жұмыстарында тартылмай жүрген азаматтарды фермаларға қайтару.

Жылдың арнайы айларында өлкенің барлық аудандарында ферма меңгерушілерінің, колхоз зоотехниктерінің, ветеринар-фельдшерлердің, мал шаруашылық бригадалары бригадирлерінің, сауыншылардың, шопандардың, бұзаушылардың және мал шаруашылығының басқа да қызметшілерінің кеңестері, курс-семинарлары өткізіліп тұрды. Мұнда зооветеринарлық минимумды оқып-үйренуге және фермаларда еңбек ұйымдастырудың жолдарын меңгеруге баулытылды.

Мал шаруашылығы сферасында мал дәрігерлерінің алар орны ерекше. Ендеше 1939/1940 жылдары колхоз активтерінің ветеринарлық-зоотехникалық білімдерін көтеру мақсатымен сырттай оқыту жүйесі енгізілді.

Республикада тракторшы, комбайншы, механик, трактор бригадаларының бригадирлері сынды механизаторлар даярлау үрдісі соғыстың қарсаңында қанағаттанарлықсыз күй кешті. Елде аталған мәселені жетекшілікте ұстайтын министрліктер күзіретіне механизаторлар даярлайтын мектептер мен курстар желісін ұлғайту мен жұмысын жақсарту, оларды әзірлігі мол және жоғары білікті оқытушылармен толықтыру, курстарға мұқият іріктеу, озат азаматтарын жіберу тәртібін орнату, т.б. жатты.

Жоғарыда сабақтаған материалдар шоғырынан тұжырымдар жасасак, совхоздардың, шаруа жастары мектептерінің, МТС-тердің, 2-басқыш мектептердің жанынан колхозшыларды даярлайтын жаппай қысқамерзімді курстарды өрістетуге көзделді және курстар мен оқытудың басқа да түрлерін қаржыландыру мәселесі көтеріліп отырылды. Алайда аталған шаралардың толымды түрде іске асырылуында қиыншылықтар туындап отырды. Дегенмен ауылшаруашылық оқу орындарына ерекше маңыз беруге байланысты 1923/24 оқу жылында Орынборда, Семейде, Оралда, Петропавлда, Қостанайда, Алматыда агрономиялық және мал дәрігерлік-зоотехникалық техникумдар, жер өлшеушілер курстары, орманшылық мектептері жұмыс істеді. Олардың жартысына көбі (57 %) шаруа балаларынан тұрып, 14 пайызын қазақ ұлты өкілдері қамтыды. (ҚР ОМА, 81: 32-33).

Өлкеде ауыл шаруашылығы маман кадрларын даярлаудың барлық амалдары қарастырылды: қысқамерзімді курстар, ауыл шаруашылық мектері, ауыл шаруашылық техникумдары, механикалық мектептер, соңғылары кейінде кәсіптік-техникалық училищелерге айналдырылды.

Республика ауыл-селоларында шаруашылыққа басшылық жасайтын мамандарды даярлау мақсатымен жұмысшы-шаруа университеттері партия мектептеріне айналдырылды және олардың бір

тобы 1920 жылы Ақтөбе, Орал, Орда, Орынборда ашылды. Бұлар 1933 жылдан бастап жоғары ауыл шаруашылығы мектептері деп аталды (Батыс Қазақстан тарихы, 2006: 256).

Қазақстан КП-ның 1940 жылдың наурызындағы съезі партия, кеңес және жергілікті органдарға кадрларды даярлау және қайта дайындау ісін түбірінен жақсартуға міндеттеді. Механизатор кадрларын даярлау ісін тұрақты түрде жұмыс атқаратын механизация мектептеріне шоғырландыру жолымен осы жылы қосымша 5 мектеп, 1941 жылы 7 мектеп ашу белгіленді (Қазақстан, 1989: 186)

Әрекет етіп отырған механикалық мектептерді қажетті оқу базасымен, білікті оқытушылармен қамтамасыз ету жайы да ескерілді. Партиялық басшылық әйелдер арасынан механизатор мамандарын даярлауға ерекше көңіл аударып, мектептердегі олардың үлес салмағы оқушылар құрамының 40%-нан кем болмауын тапсырды.

Большевиктер 1930 жылдардың екінші жартысында ауылдық жерлерде колхоз құрылысының басты қиыншылығы мен осал жері маман кадрлардың, ұйымдастырушы колхозшылардың, әртүрлі шаруашылық және мәдениет салалары басшыларының жетіспеушілігін баса айтып, кадрларды даярлау үрдісі ұжымдастыру қарқынынан артта қалып отырғандығына алаңдатушылық танытты. Сөйтіп, республикада ауыл шаруашылығы арнаулы орта білім иелерін дайындау педагогикалық ағарту қызметкерлерін даярлаудан кейінгі орында тұрды.

Ауыл шаруашылығы саласындағы орта буын мамандары колхоз мектептері, шаруа жастарының мектептері, жұмысшы-шаруа университеттері, ауылшаруашылық техникумдары, механикалық мектептер, жоғары ауыл шаруашылығы мектептері және т.с.с. оқу жүйелері сапынан дайындалды.

Өлкедегі өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы *кәсіптік-техникалық білім* Кеңестер елінің халық шаруашылығындағы мақсатпен, жоспарлы экономиканың талаптарымен, бесжылдықтардың міндеттерімен тікелей қабыса жүрді.

Елде кәсіптік-техникалық білім берудің мүмкіндіктерін барынша пайдалану әрекеттері қолға алынды. Жұмысшы факультеттерінен бастап, кәсіптік-техникалық мектептер, кәсіптік-техникалық курстар, ФЗУ мектептері ашылды. Қазақстанда жоғарыдағы құрылымдармен қатар, мектеп-интернаттар, кешкі жұмысшы мектептері, шаруа жастарының мектептері, кешкі техникумдар және т.б. түрлері әрекет етті.

РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1920 жылғы 29 қаңтардағы Декреті негізінде жұмысшы мамандарды дайындауды жақсарту мақсатымен ҚазАКСР Халық Комиссарлар Кеңесі 1921 жылдың басында кәсіптік-техникалық білім бөлімін республиканың Халық Ағарту Комиссариатының Кәсіптік-техникалық бас комитетіне айналдырды. Қайтадан құрылған басқару органына өлкеде маман жұмысшыларды дайындауды ұйымдастыру және осыған дейін кәсіподақ, әртүрлі ведомстволар мен ұйымдар атқарып келген жетекшілікті бір өзі қолына шоғырландыру міндеті жүктелді. Жергілікті жерлерде губерниялық халық ағарту бөлімі жанынан губерниялық кәсіптік-техникалық білім комитеттері құрылды.

Қазақстанда кәсіптік-техникалық білімді ұйымдастыру түрлері мен мамандарды бейімдеп дайындау бағыттары республика шаруашылығының жай-күйіне тікелей байланысты болды. 1921 жылдың өзінде-ақ Қазақстанның Ресейдің шикізат көзіне айналдырылуы, тек өндіруші тау-кен өнеркәсібінің және жеңіл, тамақ өнеркәсібі мен қолөнер кәсібінің ұсақ кәсіпшіліктерінің басымдығы кәсіптік-техникалық білімді ұйымдастыруға нұқсан келтірді. Осындай ауыр жағдайда республикада мүмкін болған әртүрлі курстар кеңірек тарады да, ал кәсіптік-техникалық, ауылшаруашылық мектептер мен басқа да оқу орындары аз болды. Мәселен, 1921 жылдың 1 қаңтарында Қазақ АКСР-де екі мыңға жуық адамды қамтыған 30 әртүрлі мектеп мен курс әрекет етті (Михайлов, 1962:10). Алайда мектептер мен курстар жүйесін кеңейткенде де, Қазақстанда жұмысшы мамандық иелеріне деген өндірістің сұранысы қанағаттанарлықтай жағдайда болмады.

Республикада кәсіби оқу орындарының желісін кеңейту барысында жалпы білім деңгейі төмен жергілікті жастардың ЖОО мен техникумдарға арналған бағдарламаларды игерудің қиындығы айқын аңғарылды. Сондықтан студент жастардың осы категориясы үшін жоғары оқу орындары жанынан жұмысшы факультеттері құрылды. Оларда жұмысшы және ауыл-село жастары 3-4 жылда жеделдетілген қарқынмен орта білім алып, жоо-на қабылданды.

Республикада өндіргіш күштердің дамуын тежеп отырған басты фактор маман кадрлардың жетіспеушілігі екендігі уақыт өткен сайын айқындала түсті. Осымен байланысты 1922-1923 оқу жылында республиканың Кәсіптік-техникалық бас комитеті ФЗУ-дің жаңа мектептерін құру жолында шараларды қолға алды. Фабрика-завод шәкірттігі мектептері жалпы Кеңестер елінде революцияның негізінде құрылған жаңа кәсіптік-техникалық оқу орны еді.

Қазақстанда ФЗУ мектептері өзіндік даму жолынан өтті. Өлкеде аталған мектептерді ұйымдастыру үрдісі баяу жүрді. 1922-23 жылдары әрекет еткен 13 мектеп жұмысшы жастардың бар болғаны 10 пайызын ғана қамтыды. Мектептерді құру барысында өнеркәсіптің қандай салаларын дамытуға қатысты мамандар керектігімен орайлас олардың профилдері ескерілмеді. Әрекет етіп отырған ФЗУ мектептерінің

нашар жабдықталынуы және педагогикалық мамандармен толымды қамтамасыз етілмеуі оқу сапасына, қала берді, кәсіби мамандарды даярлап шығаруға нұқсан келтірді.

Индустрияландыру саясатының белең алуына қарамастан, 1928 жылы ФЗУ мектептерінің саны қысқарып қалды. Бұл бірнеше себептермен түсіндірілді: 1) ФЗУ мектептерінде оқу мерзімі ұзағырақ болғандықтан, жұмысшы маман кадрларын даярлау баяулау жүрді; 2) шәкірттерді дайындау қымбатқа түсті, бір оқушыға 365 сом жұмсалды, сол кезеңмен тұрғысынан бөлінген қаржы қомақты болды; 3) ФЗУ мектептері сұраныстағы барлық мамандық иелерін дайындап шығаруды емес, оқушылардың жалпыбілімдік деңгейін көтеруді басты міндеті ретінде ұстанды.

Алайда ФЗУ мектептерінің тиімділігі сараланып, партияның 1930 жылғы ХҮІ съезі ФЗУ мектептері мен олардың контингентін және бұқаралық мамандықтар мектептер жүйесін көбейту мәселесін де көтерді. Десек те ФЗУ мектептері жүйесін өрістетуге үрдісі де өндірістің жұмысшы маман кадрларға сұранысын қанағаттандыра алмады. Бұл біріншіден, ал екіншіден, олардың құрылымдары мен іс-тәжірибесінде әуел бастан-ақ айтарлықтай кемшіліктер орын алды. Мектептердің базалық мекемелердің өндірістік цехтарында тұрақты оқу орындары мен тиімді жабдықталған оқу шеберханалары болмады. Сабақтар көбінесе өндірістік бұйымдармен сабақтастырыла емес, танымдылығы бейғабыл қарабайыр түрде өткізіліп отырды. ФЗУ қабырғасындағы орыс тілін жақсы білмейтін қазақ жастарының мамандықты меңгеруі қазақ тілінде оқулықтардың және қазақ маман оқытушыларының жетіспеушілігімен байланысты қиындықтар қабаттаса жүрді. Десек те большевиктер ФЗУ мектептері желісін ұтымды пайдаланды, бастысы, олар оқу үрдісін «саяси-тәрбие жұмыстармен оңтайластыра» жүргізе білді.

ФЗУ жүйесіндегі көптеген мектептер оқушыларға шамадан тыс жалпы білім беру пәндерін беруге ауып кеткендіктен, жас жұмысшылардың техникалық дайындығына кері әсерін тигізіп отыр деп танылды. Осы олқылықты жою мақсатында КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссариаты 1933 жылдың 16 наурызында «Фабрика-завод шәкірттігі мектептерін қайта құру туралы» Бұйрығын қабылдады. Құжатта ФЗУ-дің жалпы білімге басты назар аударып, сөйтіп, оқушыларға нақтылы мамандық бойынша жеткілікті кәсіптік-техникалық дағдылары берілмей отырғандығы аталды. Бұйрыққа сәйкес ФЗУ-ғы оқу мерзімі жеңілдеу мамандықтар бойынша екі жылдан алты айға қысқартылды, ал күрделілеу мамандықтар үшін бір және бір жылдан аса уақыт белгіленді. Тау-кен училищелерінде нақтылы мамандандыру ісін жақсарту мақсатымен оқу бағдарламалары қайтадан қарастырылды.

Республикада да фабрика-зауыт шәкірттігі мектептеріне 30-жылдары қайтадан ден қоя бастауымен байланысты оның жұмысы жанданды. Қазақстанда 1935 жылы бұл мектептер 4489 жұмысшы маманды, оның ішінде ауыр өнеркәсіп саласы үшін 1655, 1936 жылы 5 мыңға жуық адам дайындықтан өткен (Министерство..., 1962: 112).

Қазақстанда жұмысшы кадрларын дайындау мәселесін шешу жолында өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт, құрылыс салаларына 500 мың маманның қажеттілігі анықталды (Нусупбеков, 1966, 162-б.). Жұмысшы кадрларды қарқынмен даярлау үшін әртүрлі қысқамерзімді курстар қанат жайды. Мұнда *Орталық еңбек институтының* курстары үлкен рөл атқарды, олар сұраныстағы жұмысшы мамандықтар иелерін дайындады.

Кесте - ОЕИ курсының материалдық құрылымы және даярлаған мамандар саны (Михайлов, 1962: 22).

жылдар	базалары	оқу пункттері	дайындаған мамандар саны	соның ішінде қазақ ұлт өкілдері
1928-1929 жж.	2	2	490	360
1929-1930 жж.	3	4	6359	4500
1930-1931 жж.	12	65	26125	19590

Кесте Қазақстанда әр жылдардағы ОЕИ-ның кәсіптік-техникалық кадрларды үдемелі әдіспен дайындаудағы қомақты орнын айқын көрсетеді (Михайлов, 1962: 22).

КСРО-да жиырмасыншы жылдармен салыстырғанда, 30-жылдардың ортасында машина, станок, тағы басқа техникалық жабдықтардың түрлері көбейді және оның үлес салмағы артты. 1933-1937 жж. екінші бесжылдықта «Кадрлар барлығын шешеді» ұраны басшылыққа алынып, техниканы жаппай меңгеру үрдісі ФЗУ мектептері жүйесін одан әрі дамытумен қатар, әртүрлі техникалық үйірмелер, мемлекеттік емтихан тапсырумен бекемделген техникалық минимум курстары сынды мамандыққа баулудың жана формалары дүниеге келді.

Партия және кеңес органдары белсенділік танытты, олардың бастауымен Қазақстанның өндірістік мекемелерінде жұмысшылардың техникалық минимумды меңгеруін және білімдерін бағамдайтын мемлекеттік техникалық емтиханға дайындау жөніндегі үйірмелері құрылды. Техникалық минимумды меңгеру жөніндегі қоғамның үйірмелері Шымкент қорғасын зауыты, Өскемен қорғасын-цинк зауыты,

Қарсақпай мыс қорыту зауыты, Ащысай полиметалл комбинаты, Қарағанды көмір бассейні, Ақтөбехимияқұрылыс сынды ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарында нәтижелерге жетті. Мамандықтарын жете меңгеруге, сөйтіп, сатылы түрде жоғарылатуға ықпал ету мақсатымен өндірістің барлығында дерлік жүйелі түрде аттестация ұйымдастырылып тұрды.

Қазақстанның ірі өндірістерінде техминимум курстарымен қатар жалпы мақсаты мен оқу-тәсілі орайлас курстық білім алудың стахановшылар (өндірістен қол үзбей оқу), социалистік еңбек атты курстары да әрекет етті. Стахановшы жұмысшылар үшін мерзімі екіжылдық социалистік еңбек шеберлері курсы ұйымдастыру белгіленді.

Большевиктердің техниканы меңгеру ұранына мекеме орындарында жұмысшылар өндіріс озаттары қозғалысы арқылы үн қосты. Қазақстанның түсті металлургия жұмысшыларына қатысты мәліметтер олардың арасында 1935 жылдың 15 шілдесінде 6400 үздіктің болғандығын хабарлайды (ҚР ОМА, 138: 21).

Кәсіптік-техникалық білім берудің екінші бесжылдықта дүниеге келген тағы бір жолы Кеңестер Одағының өндіріс саласында кең қолданған бригадалық және жеке шәкірттік оқу болды. Бұл оқу тәжірибесі мол адамның жұмыс орнына жаңадан келген азаматты мамандыққа баулып үйрету әдісімен жүзеге асырылды. Кәсіби маманның тәлімгерлік жолмен мамандығы жоқ болмаса жетік меңгермеген адамды тәрбиелуі еді. Қазақ ауылдарының шашыраңқы орналасуы сынды өзіндік ерекшелігі жастарды кәсіптік бағдардағы білім беру ісіне тартуда қиындықтар туғызды. Келеңсіз құбылыстан шығар жол бытыраңқы ауылдарды барынша бір жерге жинап, сол жерде кейінде мектеп-коммуналар деп аталған алғашқы мектеп-интернаттар ашу деп табылды. Олар республиканың Орал, Торғай, Ақтөбе және тағы басқа өңірлерінде көрініс тапты. Кәсіптік бағдардағы мектептер болғандықтан, мұнда оқу үрдісі өндіріспен мәселен, шеберханалары мен қосымша шаруашылықтарында, еңбекпен ұштастырылды.

Өлкеде құрылысшыларға қажеттілік туындады, себебі осы кезеңде Қазақстанда ірілі-ұсақты өнеркәсіптік құрылыстары белең алған болатын. Құрылысшыларды республикадан тыс жерлерден жұмыс күші ретінде тарту үлкен қаржыны талап етті. Осындай жағдайда жергілікті тұрғылықты азаматтардан мамандарды дайындау орынды деп табылды. Бұл шара ОЕИ-ның әдісі бойынша негізінен құрылыс оқу мектептері, сондай-ақ қысқамерзімді курстар, өндірісте жеке оқыту және т.б. арқылы жүзеге асырылатын болды. 20-жылдардың алғашқы кезеңінде жұмысшы қатарына іліккен ауыл азаматтарының өнеркәсіптік дағдылары жоқтығынан олар тиесілі оқу курсынан өтуі керек болды. Сол себептен арнаулы орта оқу орындарының бәрінде дерлік көп уақытқа дейін дайындық курстары болды; бұл курстарда қазақ жастары өзінің білімін толықтырып, одан әрі оқуға мүмкіндік алды. Кейде дайындық топтардағы оқушылардың саны негізгі курстағы студенттердің санынан асып түсетін еді. Дайындық курстар жүйесі қазақ кедейлерінен шыққан оқушылар құрамымен оқу орындарын қамтамасыз етуде маңызды орын алды.

Қазақстанда 20-жылдардың ортасынан бастап шаруа жастарының мектептері едәуір дамыды, олар комсомолдардың атсалысуымен құрылған болатын. Бұл мектептер таптық принцип бойынша құрылды және оларға балалар үйінде тәрбиеленгендер, кедейлердің, батырақтардың, қызыләскерлердің балалары алынды.

Республикада «жұмысшы табының ұлттық кадрларының» жетіспеушілігін былай қойғанда, жалпы маман жұмыс күшіне сұраныс орасан болды. ВКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің 1929 жылғы Желтоқсан Пленумында әсіресе ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларында маман кадрларды даярлап өсіру шешуші мәселе екендігі атап көрсетілді. Біріншіден, 1929 жылы жұмыс істеп тұрған орта арнаулы және жоғары оқу орындары, техникумдар мен кәсіптік-техникалық мектептер жекелеген салалар бойынша сұраныстың 10-нан 25-ке дейін пайызын ғана қанағаттандырып отырғандығы, екіншіден, таяу жылдарда сұраныстың үлесі ондаған мың адамға келіп жығылатындығы, үшіншіден, жергілікті ұлттардан мамандар даярлау ісінің нашарлығы, кадрларды дайындау жұмысының қажеттілігі мен оны іске асырудың мүмкіндіктері жоспарлы түрде есептелмей отырғандығы мәлімденді. 30-жылдардың басынан Қазақстанда да мемлекеттік деңгейде қабылданған қаулы-қарарларды басшылыққа алған жергілікті билік органдары бұл бағыттағы іс-қызметтерін өрістетті.

Мәліметтер қазақтардың мұнай өндіріс салаларында үлес салмағының ауқымды болғандығын көрсетеді. Салалық жұмыс күші Гурьев пен Доссордағы ФЗУ мектептерінде, курстарда және тікелей өндіріс орындарында даярланды.

Кеңес өкіметінің көмір өндіруді ұлғайтудағы құлшынысы кәсіптік-техникалық оқу орындарын ұйымдастыру міндетін қойды. Сондықтан қазақ жастарынан мамандар дайындау үшін тау-кен-өнеркәсіп оқуы мен ФЗУ мектептері, тау-кен техникумы және жұмысшы факультеттері сынды орта кәсіби оқу орындары әрекет етті.

Түркістан-Сібір темір жолы құрылысында қырық мың жұмыс қолының басым көпшілігі ауылдардан келген қазақ ұлты өкілдері болды. Магистралдың мамандарға қатысты мәселесі темір жол рельстерін тұрғызатын құрылысшыларды т.б. мамандық иелерін даярлаумен байланысты еді. Магистралдың құрылысы 1927 жылы басталып, 1931 жылдан тұрақты пайдалануға берілді. Республикада құрылыс жұмысы мамандарын жаппай дайындау 1928 жылы қолға алынды. Сол жылы одақтық және

республикалық үкімет директивалары негізінде ҚазАКСР Еңбек Халық комиссариаты Түрксиб басқармасына құрылысшылардың жалпы санының елу пайызына жуығын қазақтармен толықтыру туралы нақты цифрды белгіледі. Аталған межеге жеткендігін пайыздық көрсеткіштер айғақтайды: құрылыс дағдысына машықталған қазақтардың саны 1930 жылы 25,8; 1931 – 37,4; 1932 – 51,9 пайызды құраған (Асылбеков, 1973:92).

Жергілікті тұрғындарды, әсіресе қазақтарды, құрылысқа тартуда Түркістан-Сібір темір жол құрылысын үйлестіру Комитеті мен ҚазАКСР Еңбек Халық комиссариаты жұмысқа алу тәртібін жеңілдетті: оларды кәсіподақ мүшелерімен теңестіріп, бірінші кезекте жұмысқа алынды; еңбек биржалары арқылы ғана емес, олардың корреспондент пункттері және ауылдар арқылы да жұмысқа тартылды; жұмысқа Мәскеу, Ленинград, Ташкент және басқа қалалардың жоғары оқу орындарындағы қазақ студенттері жұмылдырылды.

Құрылыс жұмысы талап ететін мамандықтарды игеру әртүрлі бағыттармен жүргізілді. Алматы және Семейде аға жұмысшыларды дайындайтын 1928 жылы жеті және тоғызайлық курстар ашылды. Тәжірибелі бригадирлерге шәкірттерді тағайындап табыстау арқылы тікелей өндірісте шамамен екі, екі жарым айға созылған кәсіби бригадалық шәкірттік жолмен де құрылыс мамандары даярланды және мұнда да ұлт өкілдеріне басымдық берілді. Мәселен, Түрксибте ОЕИ-ы базалары және бригадалық шәкірттік жүйесі бойынша 1932 жылы 2263 маман жұмысшы дайындалып шығарылды, соның 1720-қазақ өкілдерінен тұрып 76 пайызды құрады (ҚР ОМА, 737: 16). Теміржол мамандарын дайындаумен Алматы, Петропавл, Қызылорда, Шымкент темір жол техникумдары және Алматы, Әулиеата, Петропавл, Қарағанды, Шалқар, Қазалы, Түркістандағы ФЗУ мектептері айналысты. Жергілікті билік органдары әрбір мүмкіндікті пайдалана отырып темір жол кәсіби мамандарын даярлауға тырысты. Бұл салада да әдеттегі техникум, мектеп, ФЗУ сынды және ұзақ және қысқамерзімді арнайы курстар оқу үрдісінің негізгі буындары болды.

Қазақстанда теміржол мамандарын дайындайтын курстарды құру өзіндік қиындықтарымен қатар жүрді. Большевиктер кешегі көшпенді қазақ малшысына немесе кедейіне темір жол мамандығын меңгертуден бұрын, оқуға, жазуға, санауға үйрету қажет деп тапты. Қиындықтарды жеңуде Түрксибте ұйымдастырылған сауатсыздықты жою мектептері айтарлықтай рөл атқарды.

Қазақ халқы арасынан теміржолшыларды даярлау Түркістан-Сібір магистралының құрылысы қолға алынғанда бастау алды. Алайда ұлттық темір жол мамандарын дайындау негізінен Түрксибтің іске қосылған алғашқы екі жылында етек алды. Магистраль теміржолшылардың ұлттық отрядын құруға сүбелі үлес қосты, дегенмен Ұлы Отан соғысы қарсаңының өзінде қазақтардың үлес салмағы кіші қызмет көрсету жүйесінде басым болып қала берді. Керісінше, инженер-техник жұмысшылары мен қызметшілері арасында қазақ ұлт өкілдерінің сандық үлесі мардымсыз еді. 1935 жылы 1778 инженер-техник пен 3108 қызметшінің тек 142 инженер маманы мен 270 қызметшісі қазақ ұлтынан болды (ҚР ОМА, 1716:70). Жоғары техникалық жұмыстарға сырттан әкелінген кәсіби мамандар тартылды.

Оқу орындарының материалдық-техникалық базасы төмен, ал оқытушылар құрамы сын көтермеді. Мәселен, арнайы жабдықталған мекемелер аз, кей жерлерде тіптен болмады. Тәжірибе жасайтын кішігірім зертханалар жабдықталмады. Кітапханалар жетіспеді, ана тіліндегі оқулықтарға тапшылық қазақ жастарының оқу сапасына зиян келтірді. Жеке арнаулы пәндер бойынша маман оқытушылар жетіспеді және т.б.

Өнеркәсіп саласына қажетті мамандарды дайындап шығару кәсіптік-техникалық білім беру процесі негізінде жүзеге асырылды. Қазақстанда да өндіріс сұранысын барынша қанағаттандыруда жұмысшы факультеттері, фабрика-завод шәкірттігі мектептері (ФЗУ), тау-кен техникумдары, бригадалық және жеке шәкірттік оқу, кәсіптік-техникалық училищелері сияқты саналуан түрлері өзіндік рөл атқарды. Мамандықтарын жетілдіру ісімен Орталық еңбек институты жанындағы курстар, техникалық үйірмелер, техникалық минимум курстары айналысты.

Кәсіптік-техникалық білім саласында орын алған олқылықтарға қарамастан, жалпы өлкеде орта буынды кадр мәселесін шешуде, жоғары мектепке баспалдақ дайындауда, мәдени-ағартушылық шараларды ұйымдастыруда айтарлықтай рөл атқарды.

Қорытынды. Қазақстанның ХХ ғасырдың 20-30 жж. әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайымен байланысты орта арнаулы білім жүйесі күрделі даму кезеңдерінен өтті. Большевиктер елдегі халық шаруашылығын қалпын келтіру мен дамыту үрдісін салалық кәсіби мамандарды дайындау ісінің жүзеге асырылуымен де сабақтастырды.

Республикада 20 жылдары орта арнаулы оқу орындары қалыпқа түсе бастады, ал 30 жылдардың ортасынан олардың желісі едәуір кеңейді. Оқу орындарының жалпы материалдық-техникалық базасы, оқытушылар құрамы тұрғысынан Қазақстан КСРО-ның дамыған аймақтарымен салыстырғанда төмен дәрежеде қалып қойды.

Қарастырылып отырған тарихи уақыт аралығында арнаулы оқу орындары сан және сапа жағынан өзгерістерге түскені ақиқат. Сонымен, Қазақстанда Ұлы Отан соғысы қарсаңында 19 жоғары және 120 техникум жұмыс жасады.

Әдебиеттер мен деректер тізімі:

- Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. 288 б.
- Асылбеков М.Х. Формирование и развитие кадров железнодорожников Казахстана. Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1973. 327 с.
- Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. 2- том. Ақтөбе: «ПринтА», 2006. 524 б. Караганда. Карагандинская область: Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 2008. С. 528.
- Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті. Қазақстан өлкелік партия ұйымы Өлкелік комитет конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1928-1837). Алматы: Қазақстан, 1988. Т.2. 412 б. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1937-1948). / Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты – КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы. – Алматы: Қазақстан, 1989. Т.3. 1989. 536 б.
- Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. ІҮ том. Алматы: Қазақ КСР-нің «Ғылым» баспасы, 2010. 752 б.
- Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві (бұдан әрі - ҚР ОМА). 81-қор, 1-тізім, 1198-іс, 34-парақ.
- ҚР ОМА. 81-қор, 1-тізім, 566-іс, 32-33 пп.
- ҚР ОМА. 206-қор, 1-тізім, 266-іс, 1-2 пп.
- ҚР ОМА. 138-қор, 1-тізім, 55-іс, 21-п.
- ҚР ОМА. 737-қор, 1-тізім, 214-іс, 16-20 пп.
- ҚР ОМА. 1716-қор, 1-тізім, 27-іс, 70-п.
- Министерство высшего и среднего специального образования КазССР. Тематический сборник по общественным наукам. Алма-Ата, 1962. 158 с.
- Михайлов В.К. Профессионально-техническое образование в Казахстане. Москва: Профтехиздат, 1962. 167 с.
- Нусупбеков А.Н. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане. (1917-1940 гг.). Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1966. 243 с.
- Советский союз (Становление СССР). Москва: «Русский язык», 1982. 134 с.
- Солтүстік Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 704 б.

References

- Aldamshar Z. Tarikh: paiym men tagylym [History: vision and experience]. Almaty: «Arys» baspasy, 2002. P. 288 [in Kazakh]
- Asylbekov M.H. Formirovanie i razvitie kadrov zheleznodorozhnikov Kazakhstana [Formation and development of personnel of railway workers of Kazakhstan]. Alma-Ata: «Nauka» Kazakhskoi SSR, 1973. P. 327.
- Batys Kazakhstan tarihy [History of western Kazakhstan]. Eki tomdyq. 2-tom. Aqtobe: «PrintA», 2006. P. 524. Karaganda. Karagandinskaia oblast': Entziklopedia. Almaty: Atamura, 2008. P. 528. 48 str. tzvetnoy vkleiki.
- Kazaqstan Kompartiyasy Ortalyq Komiteti. Kazaqstan olkelik partiya uiymy Olkelik komitet konferentziyalarynyn zhane plenumdarynyn kararlary men sheshimderi (1928-1837). [Central Committee Of The Communist Party Of Kazakhstan. Resolutions and decisions of conferences and plenums of the Regional Committee of the regional party organization of Kazakhstan (1928-1837)]. Almaty: Kazaqstan, 1988. T.2. P. 412.
- Kazaqstan Kommunistik partiyasy sjezderinin, konferentziyalarynyn zhane plenumdarynyn kararlary men sheshimderi (1937-1948) [Resolutions and decisions of Congresses, Conferences and plenums of the Communist Party of Kazakhstan (1937-1948)]. / Qazaqstan Kompartiyasy Ortalyq Komiteti zhanyndagy Partiya tarihy instituty – KPSS Ortalyq Komiteti zhanyndagy Marksizm-leninizm institutynyn filialy. – Almaty: Qazaqstan, 1989. T.3. 1989. P. 536.
- Kazaq SSR tarihy (kone zamannan buginge deyin) [History of the Kazakh SSR (from ancient times to the present)]. Bes tomdyq. ІҮ том. Almaty: Kazaq KSR-nin «Gylım» baspasy, 2010. P. 752.
- Kazaqstan respublikasynyn ortalyk memlekettik arhivy [Central state archive of the Republic of Kazakhstan (further - QR OMA.)] 81-qor, 1-tizim, 1198-is, 34-paraq.
- KR OMA. 81-qor, 1-tizim, 566-is, 32-33 pp.
- KR OMA. 206-qor, 1-tizim, 266-is, 1-2 pp.
- KR OMA. 138-qor, 1-tizim, 55-is, 21-p.
- KR OMA. 737-qor, 1-tizim, 214-is, 16-20 pp.
- KR OMA. 1716-qor, 1-tizim, 27-is, 70 p.
- Ministerstvo vysshego i srednego spetsial'nogo obrazovaniya KazSSR. Tematicheskiy sbornik pi obschestvennyh naukam [Ministry of Higher and Secondary Special Education of the Kazakh SSR. Thematic collection on social sciences.]. Alma-Ata, 1962. P. 158.

Mikhailov V.K. Professional'no-tehnicheskoe obrazovaniye v Kazakhstane. Moskva: Proftehizdat, 1962. P. 167.

A.N. Nusupbekov. Formirovaniye i razvitiye sovetского rabochego klassa v Kazakhstane. (1917-1940 gg.) [Formation and development of the Soviet working class in Kazakhstan. (1917-1940).]. Alma-Ata: «Nauka» KazSSR, 1966. P. 243.

Sovetskiy soyuz (Stanovlenie SSSR) [The Soviet Union (The formation of the USSR).]. Moskva: «Russkiy yazyk», 1982. P.134.

Soltustik Qazaqstan oblisy [North Kazakhstan region.]. Entziklopedia. Almaty: «Arys» баспасы, 2006. P. 704. 48 bet turli-tusti zhapsyrma.

GTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_117

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ АҒАРТУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ

А.Т. Қаипбаева^{1ID}, А.М. Әбікей^{1ID*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы қ.

*Автор-корреспондент

E-mail: aina_78@mail.ru (Қаипбаева), abikey.arm@mail.ru (Әбікей),

Түйіндеме. Мақалада Қазақстанда кеңестер билігінің орнауымен басталған білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер, зайырлы білім беру жүйесінің белсенді жүргізілуіндегі Қазақстанның Ағарту халық комиссариатының қызметі қарастырылады. Ағарту халық комиссариатының Қазақстандағы зайырлы білім беру жүйесіне сай мектеп құрылысы, оқулықтар мен мамандар тапшылығы сынды өзекті мәселелерді шешудегі қабылдаған қаулылары мен нақты жұмыс жоспары туралы мәселе көтереді. Мақала барысында Қазақстанда зайырлы білім беру жүйесінің енгізілуіне артықшылықтар берген большевиктердің ұстанымдары, ұлттық дүниетаным мен білім берудегі дәстүр сабақтастығын ескермеуі сынды көзқарастары талданады. Атап айтқанда қазан революциясына дейінгі қазақ жерінде қызмет еткен мектеп-медреселердің жұмысына тыйым салынып, оларды діни білім мазмұнын берумен шектелетін орындар ретінде қарастырды. Мұндай шектеулер патшалық Ресей түсында жұмыс істеп бастаған орыс-түземдік мектептерге де қатысты болды. Зайырлы білім беру жүйесінің артықшылықтары көп екені жасырын емес. Алайда оның Қазақстандағы алғашқы қиындықтары өте көп боды. Ол әсіресе қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығымен айналысуы салдарынан тұрақты мектеп жұмысына балаларын жұмылдыра алмауымен тығыз байланысып жатты. Сонымен қатар қазақ тіліндегі оқулықтар мен арнайы білімі бар мамандарға деген сұраныс өте жоғары болды. Міне осы аталған өзекті мәселелерді шешіп, аталған бағыттағы жұмыстардың жүйелі түрде жүруін қамтамасыз еткен Ағарту халық комиссариаты болды.

Кілт сөздер: Халық ағарту комиссариаты, зайырлы білім, мектеп, оқулық, оқушы, зиялы, мұғалім, жүйе, жоспар.

Мақала №AP08856779 «XX ғ. 20-30-жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім мен ағарту жүйесі» жобасы аясында жазылды.

МРНТИ 03.20.00

ФОРМИРОВАНИЕ СИСТЕМЫ СВЕТСКОГО ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ И НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ ПРОСВЕЩЕНИЯ

А.Т. Қаипбаева^{1ID}, А.М. Абикей^{1ID}

¹Институт Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: aina_78@mail.ru (Қаипбаева), abikey.arm@mail.ru (Абикей)

**МАЗМҰНЫ
CONTENTS
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

Белтенов Ж. М.
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

Асымова Д.Б.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
MEDIEVAL HISTORY
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

Ошан Ж.
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН КЕЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА
БИЛІГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

Aubakirova K.K., Taiman S.T.
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
NEW HISTORY
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

Дүйсебаева А.И.
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
SOVIET PERIOD HISTORY
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

Гривенная Л.А.
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

Мусағалиева А.С.
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

Исенов О.И., Купенов Б.К.
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96

Толентаева К.А. ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....	106
Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....	117
Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШҮІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....	127
Болтаева С.Ж. ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....	136
Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	144
Борбасов С.М. АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....	155
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА	
Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д. ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....	165
Найманбаев Б.Р. ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ» ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....	174
ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ	
Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А. САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....	186
Хабдулина М.К., Ғайса А.М. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....	196
Оразбаева А.И. ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....	207
Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә. ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....	216
Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	225

**СЫН-ПІКІР
REVIEW
РЕЦЕНЗИЯ**

Аканов К.Г.

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ
ANNIVERSARY
ЮБИЛЕЙ**

АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ239